

3. Қ.Қадашева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы «Мұрагер» 2005(95-1176)
4. Құрманова Н. Қ77. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері: Монография - Алматы, 2001 - 300 бет. (14-15 беттер);
5. Садыков Т.С, Әбілқасымова А.Е. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Оқу құралы. -Астана, 20

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕҢГІЗУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

ЖАСАРОВА Б. Ө.

Әрбір ұлттың жас үрпағы ана тілін терең оқып, жете білуге, өз елін, туған жерін сүюге тәрбиеленуі тиіс. Әлемдік білім кеңістігінде оқытудың озық технологияларын жаңа мазмұнды білім беруге, адаптацияның түлға даярлауы тиіс. Қай жаңашылдық реформа болмасын барлығы да бастауыш сынып ұстаздарынан жаңашылдық, шығармашылық талап етіледі.

12 жылдық білім беру барлық ұлттық білім беру жүйесіндегі реформа, ол «жылдам дамушы ортада өмір сүрге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын жоғары білімді шығармашыл, құзыретті түлға қалыптастыруды және дамытуды» алдын ала болжайды (Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасының жобасы).

Заман талабына сай білім беру жүйесі жас үрпақты жеке түлға ретінде қалыптастырудың маңызды мәселелерін шешудің түрлі жолдарын қарастыруда. Оны қалыптастыру қоғамдағы негізгі сала-білім беру жүйесіне міндеттеледі. Елдің елдігін, бірлігін сактап, көркейтетін, басқа елдермен терезесі тен өркендейтін, болашағын айқын көрсететін білім беру жүйесі. үрпаққа білім беру отбасынан бастап, еліміздің қоғамдық жүйесін қамтитын іс. Бұгінгі 12 жылдық білім беру қажеттілігі еліміздің ігі мақсатқа жетуі үшін көзделген сара жолы десе болғандай. 12 жылдыққа көшу білім саласына көп өзгерістер енгізеді, әрі нағыз білім сапасының нақты бағасын бермек.

**Әлемдік білім
кеңестігіне енуге өз-
ге елдің даму үрді-
сіндегі үлгілерді
зерделеу, ұлттық
сана қалыптастыру
дың базым бағыты.**

**Әрбір жеке тіл
ғаға білім алу-
дың өмірлік
жолын еркін
тандау мүмкін-
дігі туады**

**Білім мазмұнын жаңар-
та отырып, оку үрдісін-
де өз іс-әрекетін
ұйымдастыра алатын
тәжірибесін үйлес-
тіре алатын түлға
қалыптасады.**

Елімізде ақпарат ағымы қарқынданап, ғылым мен техниканың өркен жаюы өмірге келген баланың даму, өсу, қалыптасу жолын ерекше қарастыруды талап етеді. Мектеп жасындағы баланың жас ерекшелігін зерттеу, формальді тек іс қағаз, сауалнама арқылы жүргізіліп келген болатын. Жан-жақты зерттеудің тұтас бағдарламасы болған емес. Алғашқы күннен баланың үлгерімі мен іс-әрекетін бір-бірімен салыстыру арқылы шектелген көрсеткіштер бойынша бағаланатын. Осында тәсілдердің кемшілігін бұгінгі күнде көріп отырмыз. 12-жылдық білім қазіргі өмір талабын айқынданап, жаңа ғасыр білім жүйесін, тәрбиесін ұсынады.

Баланы барлық жағынан тәрбиелеу үшін оны барлық жағынан білу керек деген дана педагогикалық шындыкты естен шығармауымыз керек. Қазіргі педагогика оқу мен тәрбиеге зерттеу әдісін ұсынып, мұғалімнің жұмысында окушының даму деңгейіне, яғни ақыл-ой, адамгершілік, физиологиялық ерекшелігіне баса назар аударуды қажет ететіндігін көрсетеді. Қоғамдық және қесіп иелері өмірінің салаларында қарқынды түрде өзгеретін еңбек жағдайы күнделікті жұмыс технологияларының өзгеруіне әкеп соктырады. Осы өзгерістер қоғамның болашак мүшелерінің дайындығына койылатын талаптарына да әсер етеді. Қазіргі білім беру саласында оқыту мен тәрбиелеудің озық технологиялары колданылады. Жаңа озық технологияланы менгеру және сол бағытта жұмыс жасау ұстаздардың адамгершілік, рухани қалыптасуына, интелектуальдық дамуына, өзін-өзін дамытуына, оқу тәрбие ісін тиімді үйымдастырып, тұлғаны дамытуына көмектеседі.

Педагогтер ХХI ғасырды «Жана ақпараттық технология» кезеңі деп атайды, қазір кез келген ақпаратты табу жолдары оңай. Сондықтан окушыларды қажет ақпаратты тауып, оны талдап ойластыруға үрету - оқыту технологияларының бір аспектісіне айналып отыр, әрі таным белсенділігінің артуына тиімді әсерін береді.

Білім беру технологиясы - оқу барысын жоспарлау, окушылардан тест алу және білім беру жүйесін ретінде мектеп іс-әрекетін басқару үшін жүйелі тәсіл мен ілеспелі тәжірибелік білім жиынтығын құрады. Оқыту технологиясы-дидактикалық бағытта оптимальды жүйелердің принциптерін анықтаудың және жасаудың, алдын ала сипаттамалары берілген қайталауга келетін дидактикалық процестерді конструкциялаудың ғылыми зерттеу аясы. Ақпараттық технология білім берудің негізгі мақсаты қоғам талаптарына жауап бере отырып, қоғам өмірінің әр кезеңінде қажеттіліктің өзгеріп, соған орай білім берудің де негізгі мақсатын өзгертеді.

Стандартты білім берудің мақсаты, карапайым сөзben айтқанда, окушыны жан-жақты дамыту. Оқу іс әрекеті белгілі бір құрамдас бөліктерден тұрады. Олар: 1) оқу ситуациялары (немесе міндеттері), 2) оқу әрекеті, 3) бақылау, 4) бағалау. Төменгі сынып окушыларының танымдық іс-әрекетінде жана ұғымды менгеру процесін түсіну, оны қорыту және қолдану сияқты үш кезеңнен тұрады.

Міне, жеке тұлғаның шығармашылық дербестігінің артуына, ізденімпаздығының қалыптасуына; оқу әрекетінің, сыныптан тыс, жеке ұжымдық жұмыстар үйымдастырулар оң әсерін тигізеді. Сонымен катар, жеке тұлғаның шығармашылығы мен ізденімпаздығының қалыптастыруда мұғалімнің педагогикалық шеберлігі өте қажетті. Мұғалім окушыларға шығармашылық іс әрекетін үйымдастыру мақсатында түрлі танымдық тапсырмалар дайындауды керектігіне талаптар:

-шығармашылық тапсырмалар дайындау кезеңі сол пәннің жеке сипаты мен мазмұнын ескеру

- шығармашылық тапсырмалар түрлі деңгейде болуы

-берілетін тапсырма мен өткен материалдар арасында байланыс болуы, жүйелі болуы

-білім мен біліктерін жетілдіретін болуы

-тапсырмалардың қарапайымнан құрделіге ауысуы

-окушының жеке қабілетін ашатында болуы, шығармашылық дербестігін дамытатында болуы

Олардың бір катары окушылардың жаңа оқу курсын игеруге деген дайындық деңгейін бағалауга арналса, екіншілері окушылардың біліміндегі нақты кемшіліктерді анықтауга, мақсатты түзету жұмысын жоспарлауга жәрдемдеседі, ал үшіншілері оқытудың кейінгі үрдісін және оның нәтижелеріне болжам жасауға ықпал етеді.

Модульді- интерактивтік технология арқылы бастауыш сынып сатысында қазак тілі сабактарында басты ерекшелігі окушылардың өз бетімен білім алуына, олардың ізденімдік- зерттеу дағдыларының қалыптасуына бағытталады.

Модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту бастауыш сыйнып окушысының білімін жүйелеу және талдап, бағалауда сабактың сапасын жақсартумен бірге олардың өзіндік ізденісін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл тұста мұғалімнің басты міндеті окушыларға модульді – интерактивтік технологияны колдана отырып, сабак барысында орындалатын тапсырмаларды окушының білім деңгейін дұрыс анықтау, пәнге деген қызығушылығын арттыру болып табылады.. Қазак тілі пән оқыту барысында модульді – интерактивтік технологияны колдану окушылардың қазақ тілінен алған білімдерін жүйеліп, оны сапалы да терен менгеруге көмектеседі.

Тапсырмаларды орында алдында окушыларға тапсырмалардың орындалуындағы талаптарға көніл аударуы сұралынады. Окушылар тапсырмаларды қуана орындаиды, өйткені олар кішкентай Балбекке көмектескендерін мактан тұтады.

Берілген тапсырмаларда бала қабылдаған заттарын талдау және саралау мүмкіндіктерін пайдаланып онда заттардың жекелеген тікелей қасиеттерін аныктайды. Материалдарды мағыналық жағынан топтап, онын жекелеген бөлімдерін салыстырады.

Логикалық тапсырмалар окушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ окушыларды икемділікпен шеберлікке баулу мақсаттарында пайдаланатындықтан, олар арқылы окушылардың шығармашылық қабілетін дамыту негізгі 3 бағытта іске асырылады.

- қызығушылығын арттыру
- ойлау және қабылдау қабілетін дамыту
- шығармашылық ізденуін дамыту

Мұндай тапсырмалардың максаты төрт түрлі болып келеді.

- Окушыларды машиқтандыру, сергіту
- окушылардың шығармашылық қабілетін негізі болатын психикалық механизмдерін дамыту
 - іздену тапсырмаларын орындауда арқылы оларды өз беттерімен жұмыс жасай білулеріне дағдыландыру
 - окушыларға белгілі түсініктен жаңалықты көруге тәрбиелеу мақсатында шығармашылық тапсырмалар орындауда

Бұл кезеңде репродуктивті тапсырмалар беріледі. Оқушы әрбір сауалды өте ұқыптылықпен тындала, оған айқын тез жауап беруі қажет. Мұнда пән аралық байланыс міндетті түрде пайдаланылады.

Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері алдын ала даярланған тірек плакаттары арқылы түсіндірілгеннен кейін сөйлем мүшелеріне талдау барысында төмендегідей тірек белгілерін колдануға болады. Мысалы, Көксерек зор дауыспен ұлды (М.Ә.) деген сөйлемге талдау жасау барысында шартты белгілермен сызып алғаннан кейін, мынадай тірек белгілерімен айшыктайды: Б+П+Б мұндағы;

- Б- бастауыш
П – пысықтауыш
Б- баяндауыш

Осы тәріздес тірек белгілерін пайдалану арқылы жеке окушылармен жұмыс жүргізу барысында карточкалар үlestіруге болады.

Бұл тапсырманы окушылардың танымдық іс-әрекеттерін, логикалық ойын корытып, онын елеулі байланыстары мен катынастарын көнінен талдап, есте сактайды және басқа тапсырмаларды орындағанда қолдана бастайды.

Көрнекі бейнелеулер мен суреттеулер арқылы окушылар заттар мен күбылыстардың белгілері мен қасиеттерін ұғынады. Сонымен катар белгілі заттар мен күбылыстарды жіктеу іскерлігі бастауыш мектеп окушыларының танымдық, ақыл-ой әрекеттің жаңа күрделі формаларын дамытады.

Қазақ тілі сабактарында модульді-интерактивтік технологияның бір түрі ойын арқылы оқыту барысында тәжірибеде қолданып, оң нәтеже берген бірнеше ойын түрлеріне тоқталсақ.

Қарастырылған дидактикалық ойындар қарапайым жаттығу, тапсырмалардан оқушылардың эмоциясына оң әсер етуімен өзгешеленеді. Мінездері ұян оқушылардың басқа біреуден өзі не тобы арттпа қалып қалмауы сияқты пікір сайысы іске асырылады. Тарапуда оқу жоспарына сәйкестендірілген ойындар қатысымдық тұрғыдан жаңа білімді менгеру, өтілген материалды бекіту бағытында зерттелді.

<Кім шапшан> ойыны (жұптық жұмыс). Оқушылар жұптасып отырған қалпында бір-біріне тірек белгілер бойынша сөйлемдер сызып береді. Енді әрқайсысы өзіне ұсынылған тірек белгілер бойынша сөйлемдер күрауы шарт. Алдымен оқушылар бір-бірін бағалайды, одан кейін мұғалім оқушылар жұмысын бағалайды.

Үлгі

№1
№2
№3

<Бастауышы біздікі, басқасы сіздікі> ойыны. <Бастауыш> тақырыбын өткенде тапсырмалық ойындар ойнатылады.

1. Бұл заттар қандай мамандықтар үшін қажет?: дәрігерге, аспазға, спортшыға
2. Эрбір жиынга және жиындардың қыылышындағы сөздер ойлап, жаз.

ГҮЛДЕР			
“Р” әрпінен басталатын сөздер	раушан	бақбак	“Б” әрпінен басталатын сөздер

Ойындардың тиімділігі: Оқушыларды тез ойлануға тапқырлыққа жетелейді, 12 жылдық білім беруде информатика пәнін оқыту арқылы әр түлғаның жан-жақты дамуына, алған мәліметтерді сәйкестендіруіне, есептеуіне, салыстыруына, диагностика құруына, болжамдар жасауына, ұлттық өзіндік танымның дамуына үлкен үлесін тигізіп, білім берудің тиімді жолын тандауға әрекет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. 12 жылдық Тұжырымдамасы 2001 жыл
2. 12 жылдық білім (журналы 2006 жыл)
3. Бастауыш мектеп (журналы 2005)
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту күралы ретінде аударған Қайшыбекова Дағына Алматы 1806. 2002 жыл
5. Рахметова С. Қазақ тілі әдістемесінің тероиясы мен технологиясы. Алматы 1846. 2007 жыл.